

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы N 562 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1642 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"Қарағанды облысында мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру, қаржы тәртібін нығайту, экономикалық реформаларды жеделдету мен тереңдету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қазандағы N 1260 және "Елдегі жағдай және 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 21 қазандағы N 1289 қаулыларына сәйкес және жекешелендіру бағдарламасының орындалуын жеделдету және өтімсіз мемлекеттік мүлікті сатуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19, 166-құжат) бекітілген Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі Ережеге мынадай толықтырулар енгізілсін:

5-тармақтағы "(аукцион, тендер)" деген сөздерден кейін "Өтімсіз жекешелендіру объектілерін сату саудаластық кезінде сатып алушылар ұсынған баға бойынша жүзеге асырылады" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында аталған жекешелендіруге жататын өтімсіз объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі